



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

базасында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының филиалы ашылды және жұмыс істейді, мұнда докорантура пәндерінің 50%-ы және элективтік магистратура пәндерінің 15%-ы оқытылады.

Жоғарыда мазмұндалған мәліметтер жұмыс берушілер мен білім берушілердің осы бағытта кадрларды даярлауға мүдделі екендігін растайды. Сондықтан қоғамның сұраныстарына жауап ретінде мемлекеттік аудиторлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының аясы кеңейе түсері анық. Осыған орай, республиканың барлық жоғары оқу орындарын мемлекеттік аудит саласындағы мамандарды даярлау мәселелерін талқылауға белсенді қатысуға шақырамыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы.
2. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы.
3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21 нормативтік қаулысы.

УДҚ 336.7

### **ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЕСЕБІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Қазмұханова Дина Бернатқызы**

*dina\_98\_dina@list.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және аудит» 3 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Бекболсынова

Кәсіпорындар мен ұйымдар өзінің шаруашылық қызметі барысында меншікті капиталымен қатар басқа қатыстырылған (тартылған) капиталды да қолданады. Бұл қатыстырылған капитал бухгалтерлік есепте міндеттемелер деп аталады. Кез келген өндіріспен айналысатын ұйым сол өнімді өндіру үшін қажетті шикізаттар мен материалдар алғаны үшін жабдықтаушы-мердігерлерінің алдында міндетті болса, саудамен айналысатын ұйымдар өзінің сататын тауарларын жеткізіп беруші, яғни қызмет көрсетуші ұйымның алдында қарыз болуы мүмкін. Тіпті өндіріспен де немесе саудамен де айналыспайтын кәсіпорындардың өзі қарамағында жұмыс істейтін жұмысшылары мен қызметкерлеріне олардың істеген еңбегі үшін, сондай-ақ бюджетке түрлі салықтар үшін қарыз немесе оның алдында міндеттемесі болуы мүмкін. Қазіргі таңда қаржының жетіспеушілігінен банктер, банктен тыс мекемелерден, шет елдерден қарыз, несие алып өздерінің жұмысын жандандырып жатқан, сондай-ақ міндеттемелерін шектен тыс көбейтіп алып, оны қайтаруға мүмкіншілігі болмай жабылып, аукционға салынып, сатылып жатқан ұйымдар көптеп кездеседі. Осы айтылған міндеттемелер есебі бухгалтерлік есепте ең негізгі, яғни қай саладағы болмасын кәсіпорындардың көкейтесті мәселелері екендігі сөзсіз. Кәсіпорындардағы міндеттемелердің есебі типтік шоттар кестесінің үшінші міндеттемелер деп алынатын болып шоттарында есептеліп жүргізіледі.

Міндеттеме - бұл бір тұлғаның нақты әрекетпен басқа тұлғаның пайдасын көздейтін істі орындау борышы немесе міндеті. Борышқордың нақты әрекетіне мыналар жатады: мүлікті беру, жұмысты орындау, ақша төлеу және басқалар, әйтпесе белгілі бір әрекеттен тартыну, ал кредит беруші борышқорынан өз міндетін орындауын талап етуге құқылы [1].

Міндеттеме - өткен кезең оқиғасынан пайда болған субъектінің берешегі. Бұл берешекті реттеу экономикалық пайдасы мол ресурстар ағынына әкеп соғады.

Нақты міндеттемелерге шоттар бойынша, вексельдер, төленуге тиісті дивиденттер, сату бойынша орын алған салықтар. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігі, есептелінген еңбек ақы және тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер жатады [2.].

Төленуге тиісті шоттар - бұл тауар- материалдарды жеткізушілерге берешек қысқа мерзімді қысқа мерзімді міндеттемелер. Вексель - бұл тауарлар мен қызметтер бойынша төлемдер мен банк ссудалары. Дивиденттер бойынша берешек фирмамен бөлінетін таза пайданың бір бөлігі. Дивиденттерді төлеу директорлер кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің ағымдағы бөлігі - бұл ағымдағы жыл ішінде төленуі тиісті ұзақ мерзімді міндеттеменің бір бөлігі. Ол айналым құралдары есебінен өтеледі. Міне осы ұзақ мерзімді міндеттеменің бір бөлігі қысқа мерзімді міндеттеме деп аталады. Мысалы, 500000 мың тенге шамасындағы берешек бес жыл бойы 100000 мың тенгеден бөлініп төленуі мүмкін. Сондықтан да ағымдағы жылы төленетін 100000 мың тенге қысқа мерзімді деп аталады, ал қалған 400000 мың теңгесі ұзақ мерзімді міндеттеме болып табылады.

Бағаланған міндеттемелер - бұл белгілі бір мерзім орын алмай дәл сомасы анықталмаған міндеттемелер. Мұндай міндеттемелерге мысал болып корпоративтік табыс салығы және кепілдеме жарналары табылады.

Кепілденген міндеттемелер. Егер фирма өз тауарын сату кезінде кепілдеме беретін болса, онда бұл кепілдеме белгіленген мерзімге шейін орын алады және міндеттеме де сол мерзімге созылады. Кепілдеме сомасы шығындар шотының дебетінде өткізу операциясы орын алған кезең ішінде көрсетіледі. Яғни ол сатылған өнімнің сапалық сипаттамасы болып табылады .

Шартты міндеттемелер компания несие алушы басқа компанияға қатысты басқа компанияға кепіл ретінде болған жағдайда орын алады.

Міндеттемелер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Міндеттемелер, егер ұйымның қалыпты операциялық циклы кезінде төлеу балансынан кейін 12 ай ішінде жүргізіледі деп болжанса, ағымдағы мерзімді деп жіктелуі тиіс. Барлық басқа міндеттемелер ұзақ мерзімді деп жіктеледі. Шаруашылық субъекті есептеушінің қабылданған есеп саясаты мен қолданылатын нысанына сәйкес әртүрлі талдамалық есеп-карточкалар, ведомостар журнал және т.б. регистрін қолдана алады. Жан-жақты ойластырылған және жақсы қойылған талдамалық есеп тексерушіге кәсіпорын міндеттемелері үшін ішкі бақылау жүйесі жағдайына дұрыс баға беруге көмектеседі.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерге мыналар жатады:

- ұзақ мерзімді банк заемдары;
- банк мекемелерінен тыс ұзақ мерзімді заемдар;
- басқа да ұзақ мерзімді заемдар;
- мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы.

Банктердің және банктен тыс мекемелердің ұзақ мерзімді 1 жылдан жоғары мерзімге беріледі, ол заемдар жаңа техниканы, қымбат жабдықтарды сатып алу, өндірісті кеңейту және тағы басқа бағдарламаларды іске асыру үшін алынады.

Заемдарды беру мен өтеуге байланысты барлық мәселелер банк ережелерімен және заем алушы ұйым мен банк арасындағы несиелік шартпен рәсімделеді. Онда несиелеу объектісі, заемды беру мен қайтару мерзімдері, пайыздық мөлшерлемелер, оларды төлеу тәртібі, тараптардың қарызды беру мен өтеу жөніндегі міндеттемелері, құқықтары мен жауапкершілігі, құжаттар тізбесі және оларды банкке ұсынудың мерзімділігі мен басқа жағдайлар көрсетіледі

Ұзақ мерзімді міндеттемелерге, сондай-ақ «Кейінге қалдырылған салықтар» бабы жатады. Бұл отандық бухгалтерлік есептің мүлдем жаңа объектісі, жаңа термин, оның және «Салықтық төлем», «Салықтық табыс», «Табыс салығы», «Салықтық эффект» тағы басқаларының мазмұны ҚЕХС бойынша 12 стандартында қарастырылған [3].

Жалпы ұйымның ұзақ мерзімді міндеттемелер есебінде барлық операциялар бойынша есептер яғни, банк мекемелері несиелерінің есебі, банктен тыс мекемелердің несиелері есебі,

басқадай несиелік операциялар есебі, алдағы кезең кірістерінің есебі, еншілес (тәуелді) серіктестіктердің алашақ (кредиторлық) қарыздарының есебі, жабдықтаушы және қызмет көрсетушілермен есеп айырысу есебі, жалдық міндеттемелердің есебі бір жылдан астам уақытқа берілсе, бір шаруашылық кезең ішінде немесе осы алған берешектерін ағымдағы жылда өтеуді жоспарламаса, онда олар ұзақ мерзімді міндеттемелер қатарына жатады. Олар қашанда бір жылдан астам уақытқа беріледі. Айта кететін болсақ, ұйым алған банк мекемесінен алған несиесін заңда белгіленген тәртіп бойынша қысқа немесе ұзақ мерзімге алады, және белгіленген пайыз мөлшерлемесімен қайтаруды жоспарлайды, сол сияқты басқа да мекемелерден алған қарыздарын да, жалдық міндеттемелерін де, жабдықтаушы және мердігерлермен есеп айырысқандағы пайда болған операциялары да, тәуелді серіктестіктердің кредиторлық қарыздары бойынша ұзақ мерзімге берілген қарыздары да екіжақты келісілген ұзақ мерзімге алады және төлеп отырады, ұзақ мерзімді міндеттемелерде қысқа міндеттемелер секілді қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері, өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер түрлерінен тұрады және ол төменде 1-ші суретте көрсетілген:



Сурет 1. Ұзақ мерзімді міндеттемелер және олардың жіктелуі

Кәсіпорындар мен ұйымдар банктен бірінші рет несиелік алуы барысында жоғарыда аталған құжаттармен қоса банкке өздерінің жарғысын, құрылтайлық құжаттарының көшірмесін, тіркелу куәліктерін және тағы да басқа құжаттарды табыс етуі керек.

Жалпы кәсіпорындарға берілетін несиелік сомасы, банк мекемесінің жауапты мамандары ұйымның өткізген құжаттарын тексеріп болғаннан кейін, несиелік бойынша борышты және пайызды (процентті) қайтару, өтеу үшін кепілдікке салынған меншік туралы келісімшарттың орындалуына сәйкес беріледі.

Банк мекемесі мен несиелік алушы кәсіпорын арасындағы несиелік қызмет көрсету бойынша келісімшарт бір жылға немесе одан да ұзақ мерзімге жасалады. Егер келісімшарт бір жылдан артық уақытқа жасалған жағдайда несиелік жыл сайын бекітілетін несиелік келісімшарт негізінде беріледі. Несиелік келісімшарт банк мекемесімен әрбір несиелік алушы ұйым үшін жеке-жеке жасалады [4].

Қысқа мерзімді банк несиелері 1 жылдан аспайтын уақытқа беріледі (яғни 12 айдан артық емес уақытқа). Кейбір жағдайларда түрлі себептерге байланысты бұндай несиелік мерзімі ұзартылуы мүмкін. Бірақ ұзартылған мерзімін қоса есептегенде оның мерзімі екі жылдан аспауы керек.

Банк несиесі кәсіпорынның, яғни несиелік алушының есеп айырысу шоттарындағы қаражаттарының мөлшеріне қарамай-ақ беріледі және қолма-қол емес тәртіппен несиелік алушының қарыз шотынан оның есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Несиелік борышты өтеу тәртібі, нақты мерзімі, әдістері несиелік келісімшартта

қарастырылады. Егер несие алушы келісімшартта белгіленіп көрсетілген мерзімінде несиелік борышын өтей алмайтын болса, банк мекемесі алдын ала несие алушының рұқсатынсыз кепілдік берушінің шотынан қарыз сомасын қайтару жайлы талап қояды.

Еліміздің экономикалық жағдайын көтеру үшін сырттан инвестиция тартып, әр түрлі дүние жүзіндегі ірі банктерден де несие алынады. Соның ішінде есептелетін пайызы мен берілетін пайдалану мерзімі жағынан тиімді де маңызды болып саналатын халықаралық валюталық қордың мүше-елдеріне берілетін «СТЭД-БАЙ» несиесі болып табылады. Бұл қордың мүшелігіне кіретін елдер кез келген уақытта халықаралық валюталық қордан келтірілген уақыт ішінде белгілі бір соманы ұлттық валютадан шетел валютасына айырбастауына, кедендік төлемдерді төлеу мерзімін несие есебінен ұзартуға құқығы бар.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңға сәйкес барлық кәсіпорындар өздерінің меншігіндегі ақшаларының қозғалысын еркін пайдалануға, яғни өз қалауы бойынша жұмсауға құқылы. Яғни өзінің бос тұрған ақшаларын кәсіпорын басқа кәсіпорындарға инвестиция ретінде салуға немесе несиеге беруіне болады. Міне, сондықтан да ұйымдар өзіне қажет ақшаны тек қана банк мекемелерінен емес, басқа заңды немесе жеке тұлғалардан да несиеге, қарызға алуларына болады. Ұйымдардың басқа кәсіпорындардан алған несиесіне бухгалтерияда жазылатын екі жақты жазу банк мекемелерінен алынатын несиеге жазылатын жазуға ұқсас болып келеді.

Сонымен, ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлімін қорытындылай келе, жалпы ұйымның ұзақ мерзімді міндеттемелері кредиторлық берешекті ағымдағы жылда (немесе осы берешекті алған күннен бастап 12 ай ішінде) немесе кәдімгі шаруашылық кезеңінде өтеуді жоспарламайтын міндеттемелер. Ұзақ мерзімді міндеттемелер есебінде барлық операциялар бойынша есептер яғни, банк мекемелері несиелерінің есебі, егер ұйым банк мекемесінен белгілі мерзімге несие алады, несие қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге алынуы мүмкін, мұнда ұйымның ұзақ мерзімге алған несиесі жайлы айтатын болсақ, онда ұйым алған несиесін бір жылдан астам уақытқа алады белгіленген пайызды өтейді, банктен тыс мекемелердің несиелері есебінде ұйым банктен басқа да заңды тұлғалардан, ұйымдардан берешек-қарыз алады, алған берешектерін шаруашылық кезеңінде өтеуді жоспарламаса, онда ол заңды тұлғадан алған қарызы ұзақ мерзімді болып саналады да бір жылдан кейінгі уақытта төлесе онда олда ұзақ мерзімді болып табылады, басқадай несиелік операциялар есебі, алдағы кезең кірістерінің есебі, еншілес (тәуелді) серіктестіктердің алашақ (кредиторлық) қарыздарының есебі, жабдықтаушы және қызмет көрсетушілермен есеп айырысу есебі, жалдық міндеттемелердің есебі, бір жылдан астам уақытқа он екі ай ішінде төлеуді жоспарламаса, онда олар ұзақ мерзімді міндеттемелер есебінің қатарын толықтырады. Соған орай, бұл бөлімде ұзақ мерзімді міндеттемелерге сәйкес алынған мерзіміне байланысты бухгалтерлік жазбалар, жазбалар негізінде баланс типтері, сызба түрінде шоттар байланысы келтірілген.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
2. Б.Н.Исабеков. Governmental support of entrepreneurship and ways of performing development program //Институт экономических исследований. Экономика, финансы, инструменты – Астана, 2011, № 2.
3. Б.Н.Исабеков. Аймақтық деңгейде инновациялық зерттеулер // «Астананың өркендеуі-өңірлердің өркендеуі» ғылыми-практикалық конференцияның материалдары – Өскемен, 2011.
4. Интернет ресурсы: <https://bridge-group.ru/news/detail/144>